

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 16 мамырдағы N 406 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 969 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы , 2005 ж., N 36, 502-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттары" бағдарламасында:

"Қазақстан Республикасында көлеңкелі экономиканың мөлшерін қысқарту жөніндегі экономикалық саясат пен ұйымдастыру шараларының 2005-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттарының бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 10-бөлімде:

реттік нөмірі 16-жолдың 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Жыл сайын, 25 ақпан";

реттік нөмірі 22-жолда:

2-бағандағы "бағалау" деген сөз "бағалаудың рейтингілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-баған "мүдделі мемлекеттік органдар" деген сөздермен толықтырылсын;

5-бағандағы "2005" деген сандар "2006" деген сандармен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 26-жолда:

2, 3-бағандар мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік кәсіпорындарды мемлекеттік қаржылық қолдау тетігі жөнінде ұсыныстар енгізу

ЭБЖМ-ге ұсыныс";

4-бағандағы "ЭБЖМ," деген аббревиатура алынып тасталсын;

5-бағандағы "2005 жыл IV тоқсан" деген сөздер "2006 жыл II тоқсан" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 39-жолдың 3, 5-бағандары мынадай редакцияда жазылсын:

"Үкіметке ұсыныс

2006 жыл II тоқсан";

реттік нөмірі 46-жолда:

4-баған "мүдделі мемлекеттік органдар" деген сөздермен толықтырылсын;

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Жыл сайын, 25 ақпан".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК